«Құрылыс – техникалық колледжі» студенттеріне ағылшын тілін оқыту бойынша көрсетілетін қызметтерге техникалық спецификация

1. Ағылшын тілін оқыту курстарын ұйымдастыру Астана қаласында өтеді.
2. Сабақ барысында әрбір студенттің ағылшын тілін меңгеру деңгейі ескеріледі.
3. Топтар саны: 4 (әр топта 13 адамнан аспайды).
4. Сабақты өткізу кезеңділігі аптасына 4 рет (жалпы саны әрбір топқа 80 академиялық сағат). Бір сабақтың ұзақтылығы 2 академиялық сағат (90 минут).
5. Көрсетілетін қызметтің өлшем бірлігі - академиялық сағат. Қызметтің жалпы көлемі 320 ак/сағат.

Ағылшын тілі курсын өткізуге қойылатын талаптар:

1. Оқу бағдарламасы кем дегенде 80 ак/сағ. болуы тиіс және тілдің ерекшеліктерін (ауызша, жазбаша), құрылыс саласында қолданылатын негізгі техникалық терминдерді студенттердің терең меңгеруіне, сөйлеу және жазу дағдыларын (оқу, жазу), ағылшын тілін қабылдау дағдыларын (тыңдау, түсіну) қалыптастыруға және оларды іс жүзінде қолдана білуге бағдарланған болуы керек.
2. Оқу мақсаты –әртүрлі жағдайларда студенттердің сөйлеу, айта білу дағдылары мен интонациясын жетілдіре отырып, сөйлеу шеберліктерін нығайту.
3. Әлеуетті жеткізуші қызмет көрсету үшін, мұғалім/оқытушы біліктілігі бар, жоғары педагогикалық білімі бар, кемінде 4 қазақстандық оқытушыны баулуы тиіс және ағылшын тілін шет тілі ретінде оқыту құқығына ие, кемінде 1 болуы тиіс.
4. Әрбір оқытушының IELTS (7,0-ден кем емес) немесе CPE (B-дан кем емес) немесе DELTA, CELTA, TEFL сертификаты және кемінде 3 жылдық сабақ өту біліктілік тәжірибесі болуы тиіс.
5. Әлеуетті жеткізуші оқытушылардың біліктілігін растау ретінде 2 тендерге қойысу өтінішімен бірге дипломдары мен сертификаттары ның электронды көшірмелерін, ал оқытушының жұмыс тәжірибесін растау ретінде – еңбек кітапшаларының немесе еңбек келісім- шартының электронды көшірмелерін алып келуі тиіс.
6. Жеткізуші қызмет көрсету барысында Тапсырушының жазбаша рұхсатынсыз оқытушылардың тізімін өзгертуге құқығы жоқ.
7. Сабақты сапалы өткізу үшін жеткізуші кемінде 4 оқу кабинеттері бар (топ сандарын ескере отырып) офиспен қамтамасыз етуі тиіс. Кабинеттерде сабақ өткізу қорлары болуы тиіс: тақта , ноутбук, проектор, фонотека қосымша оқу материалдармен, аудиопроигрыватель, портативті CD.
8. Жеткізуші офисінде студенттердің қауіпсіздігін растау мақсатында күзет-өрт сигнализациясын монтаждау және бейнебақылау бойынша қызмет көрсету келісім-шарты болуы тиіс.

Студенттердің білімдерін бақылау үшін Жеткізуші:

1. Ішкі бақылау – оқытушы тест өткізеді. Сонымен қатар Жеткізуші компаниясының Үйлестірушісі қысқа жоспардан тыс тест өткізеді.
2. Сыртқы бақылау – оқытушының жұмысын бақылау және ҚТК завучымен кері байланыстың болуы. Аға оқытушы екі аптада бір рет сабақ жоспарларын тексереді, сондай-ақ Тапсырушыға берілген оқу бағдарламасының оқытушының қалай орындап жатқанын тексереді. Сонымен қатар, аға оқытушы сабақтарға қатысады.

Жеткізуші курсқа жіберер алдында, ағылшын тілінің білім деңгейін анықтау үшін, студенттердің арасында тест жүргізеді.

Өткізу мерзімі келісім күшіне енген күннен бастап.